

Білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 9 қарашадағы N 1063 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн еткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы және " Лицензиялау туралы " 2007 жылғы 11 қаңтардағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

#### **1. Қоса беріліп отырған:**

1) Білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі ;

2) білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

#### **2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:**

1) "Білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 786 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 31, N 420-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 2005 жылғы 28 шілдедегі N 786 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1258 қаулысының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., N 49, N 522-құжат).

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министри**

Қазақстан

Үкіметінің

2007

жылғы

Н

1063

бекітілген

Республикасы

9

қарашадағы

қаулысымен

**Білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда,  
дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету  
жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 жетекшілік сандарынан әзірленді және білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін айқындайды.

2. Білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету саласындағы лицензиялау субъектілері болып табылады, олардың біліктілік деңгейі осы қызмет түріне қойылатын талаптарға сай келеді.

3. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету деп халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру мен белсенді демалысын қамтамасыз етуге бағытталған дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыштарда дene шынықтыру және спорт құралдары арқылы көрсетілетін қызметтер үғынлады.

Спорт қызметі деп спорт түрлерін дамытуға, спорттық іс-шараларды үйымдастыру мен өткізуға және түрлі спорт түрлерінен спортшыларды жарыстарға қатысуға даярлауға бағытталған қызмет үғынлады.

4. Білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияны (бұдан әрі - лицензия) мынадай мемлекеттік органдар (бұдан әрі - лицензиарлар) береді:

1) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті мынадай өтініш берушілерге:

респубикалық және өнірлік қоғамдық бірлестіктерге, одактарға, қауымдастықтарға (федерацияларға);

жоғары санаттағы спорт құрылыштарында білім беру үйымдарындағы қызметті қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғаларға;

2) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар мынадай өтініш берушілерге:

білім беру үйымдастырылғандағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсететін дене шынықтыру-сауықтыру, спорт клубтарына, орталықтарға, секцияларға және басқа да үйымдарға;

бірінші, екінші және үшінші санаттағы спорт құрылыштарында білім беру үйымдастырылғандағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғаларға;

жергілікті қоғамдық бірлестіктерге, одактарға, қауымдастықтарға (облыстық федерацияларға).

5. Лицензия бас лицензия болып табылады және қолданысы шектеусіз мерзімге беріледі.

6. Лицензия қатаң есептегі құжат болып табылады және мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада ресімделеді.

## 2. Лицензия алу тәртібі

7. Лицензияны алу үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) заңды тұлға үшін - жарғының және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландағылған көширмелері;

3) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландаратын құжаттың көширмесі;

4) дара кәсіпкер үшін - өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландағылған көширмесі;

5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің нотариалды куәландағылған көширмесі;

6) білім беру үйымдастырылғандағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін раставтын құжат;

7) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Қызметтің жүзеге асыру үшін жеке меншік немесе жалдамалы спорт құрылыштарын немесе жарактандырылған үй-жайларды талап етпейтін дене шынықтыру және спорт жөніндегі қоғамдық бірлестіктер, одактар, қауымдастықтар (спорт түрлері бойынша федерациялар) білім беру үйымдастырылғандағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық

қызметтер көрсетеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарының 1), 4) және 5) тармақшаларына өтініш берушінің сәйкестігін растайтын құжаттарды  
ұсынбайды.

**Ескеरту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.02.20. N 200 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

8. Лицензияны беру үшін тиісті лицензиарға ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі көрсетілген органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі соғылып, өтініш берушіге жіберіледі (табыс етіледі).

9. Санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы органдардың қорытындыларын алу үшін лицензиар лицензияны алуға өтініш берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркелген жері бойынша санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы органдарға өтініш берушінің санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды ұсыну туралы сауал жібереді.

Санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы органдар лицензиардың сауалының негізінде жиырма бес жұмыс күні ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушінің санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі саласында қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілейді және тиісті лицензиарға өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды жібереді.

10. Лицензияны лицензиар өтінішті өтініш берушінің өтініш берілген қызмет түріне қойылатын талаптарға сәйкес келу шартымен тиісті құжаттармен қоса өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды және береді.

11. Лицензияға лицензиардың басшысы не оған уәкілеттік берілген тұлға қол қояды және лицензиардың мөрімен куәландырады.

12. Өтініш иесіне немесе оның уәкілетті өкіліне лицензия беру сенімхат негізінде жүргізіледі.

13. Егер лицензиар лицензия беру үшін белгіленген мерзімде өтініш берушіге лицензияны бермеген не өтініш берушіні лицензияны беруден бас тарту себептері туралы жазбаша түрде хабардар етпеген жағдайда, лицензияны беру үшін белгіленген мерзімдер өткен күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң өтініш беруші лицензиарды қызметтің өзі өтініш берген түрін жүзеге асыра бастағаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Лицензиар өтініш берушінің жазбаша хабарламасын алған сэттен бастап бес

жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш беруші жазбаша хабарламада көрсеткен күннен бастап лицензия беруге міндетті.

14. Лицензиясы жоғалған, бұлғанда лицензиат лицензияның телнұсқаларын алуға құқылы. Лицензиар өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғары оң жақ бұрышында "Телнұсқа" деген жазуы бар лицензияның телнұсқасын береді.

15. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, бірігу, біріктіру, бөліну немесе қайта құру нысанында занды тұлға қайта ұйымдастырылған, занды тұлғаның атауы өзгерген, сондай-ақ қызмет түрінің атауы өзгерген кезде, егер мұндай өзгеріс қызмет түрі шенберінде орындалатын операциялардың мәнінің өзгеруіне әкеп соқпаса, ол отыз қүнтізбелік күн ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

16. Лицензияның қолданылуы мынадай жағдайларда:

1) лицензия алып қойылғанда;

2) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда, занды тұлға таратылғанда, бірігу, біріктіру, бөліну немесе қайта құрылу нысанындағы қайта ұйымдастырылуды қоспағанда, занды тұлға қайта ұйымдастырылғанда;

3) лицензия лицензиарға ерікті түрде қайтарылғанда;

4) лицензияланатындардың тізбесінен білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызмет алып тасталса тоқтатылады.

Лицензияның қолданылуы тоқтатылған кезде лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны лицензиарға қайтаруға міндетті.

17. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

### 3. Лицензияны беруден бас тарту

1 8 . Е г е р :

1) заңнамалық актілермен субъектілердің осы санаты үшін қызметтің осы түрін жүзеге асыруға тыйым салынған;

2) осы Ереженің 7-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмеген жағдайларда лицензия беруден бас тартылуы мүмкін. Өтініш беруші көрсетілген кедергілердің жойған жағдайда өтініш жалпы негізде қаралады;

3) қызметтің лицензияланатын түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;

4) өтініш беруші заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сай келмеген;

5) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын занды күшіне енген сот үкімі болған жағдайларда лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

19. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады.

#### **4. Лицензияны есепке алу және бақылау**

20. Лицензиар лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын лицензиаттың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған лицензиялық бақылауды жүзеге асырады.

Лицензиар лицензиаттан өзінің құзыреті шегінде тиісті құжаттарды ұсынуды талап етуге және бақылау функцияларын орындау үшін қажетті жазбаша немесе ауызша ақпарат алуға құқылы.

21. Лицензиар қайта берілген, ресімделген, тоқтата тұрған, жаңғыртылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар туралы мәліметтерді қамтитын тізілімді жүргізеді.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметтің індік

2007 жылғы

9

қарашадағы

N 1063

қаулысымен

бекітілген

**Ескеरту. Талаптарына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.02.20. N 200 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тәрмақтан қараңыз) Қаулысымен.**

**Білім беру үйімдарындағы қызметті қоспағанда,  
дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету  
жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

Білім беру үйімдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары:

1) дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтермен айналысу үшін жарамды жеке меншік немесе жалға беру құқығындағы және тиісті санаттағы спорт құрылышының немесе үй-жайдың;

2) занды тұлғалар үшін - "дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білімі бар жаттықтырушы-оқытушылар құрамының;

жеке тұлғалар үшін - "дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімінің немесе "дене шынықтыру және спорт"

мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар қызметкермен еңбек шартының;

3) тұрақты білікті медициналық қызмет көрсетудің;

4) дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметпен айналысу үшін санатын көрсете отырып спорт құрылышының немесе үй-жай паспортының;

5) олардың пайдалану сенімділігі бөлігінде дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметпен айналысу үшін жарамды спорт-құрылышының немесе үй-жайдың техникалық тексеру актісінің болуын қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК